

## «С.Сейфуллин атындағы Жаңалық орта мектебі»КММ жанынан ашылған

### «Балдәурен» шағын орталығының

2021-2022 оқу жылындағы

атқарылған жұмыстарының

қорытынды есебі

Шағын орталық жұмысының жылдық жоспары ҚР-ның Білім туралы Заңы, ҚР –ның жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бағдарламасы, 2021-2022 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқаулық хат және «Мектепке дейінгі ұйымдарды оқыту мен тәрбиелеудің Үлгілік оқу жоспарын» басшылыққа ала отырып әр топтың жұмыс жоспары құрылып, тексеріліп, бекітірілді. Шағын орталықтың 2021-2022 оқу жылындағы даму жоспарына сәйкес, біздің басты мақсатымыз – баланы даму әлеміне енгізу болса, басты бағытымыз – баланың денсаулығын сақтау, нығайту, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау болып табылады.

Міне, осы міндеттерді негізге ала отырып, биылғы оқу жылында шағын орталыққа тамыз айында үш топқа 31 бала қабылданып, ақпан айында «Айгөлек» үшінші тобы ұзартылған жататын топ болып ашылды.

Шағын орталықта **Жас ерекшеліктеріне қарай 3 топ жұмыс істейді:**

2-3жас аралығында – ( кіші «Айжұлдыз» тобы), 3-4 жас аралығында – ( ортаңғы «Балбөбек» тобы) -; 4-5 жас аралығындағы – (ересек «Айгөлек» тобы).

ҚР-ның «Мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды ұйымдарда 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқаулықтың негізгі міндеті: әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы қауіпсіз дамытушы орта құру, балаларда шаршауды болдырмау үшін қызықты ойын түрінде тәрбиелеу, оқыту, дамыту делінген. Осы міндеттерді басшылыққа ала отырып, **ертеңгіліктер ,мерекелік шаралар, ата-аналармен жиналыс, шағын орталықтың психологымен тренингтер** өткізілді.

1- **қыркүйек** « Білім күніне» арналған «Білімге құштарлық еңбекқорлық отаншылдық қасиет», «Білімді ұрпақ жарқын болашақ», тақырыбында ертеңгілік өткізіп балаларға білім жайында түсінік берілді. Өз туған елдеріне ,жерлеріне, балабақшасына деген сүйіспеншіліктері туралы айтылды. Қыркүйек айында шағын орталық ата-аналарына жиналысы өткізіліп, ата-аналар комитеті сайланып, балабақша тәртібімен таныстырылды..

**Қазан айында** «Тіл мерейі ел мерейі» «Қарты бар үйдің қазнасы бар» «Арайлы алтын күз» атты ертеңгіліктер өткізілді.

**Қараша айында** ата-аналардың қасуымен әр топта «Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы» тақырыбында ата-ана мен бала арасындағы қарым –қатынасты қалыптастыру мақсатында тренинг өткізілді.

Республика күніне «Тұғыры биік Қазақстан» және Тәуелсіздігіміздің 31 жылдығына орай топтарда «Тәуелсіздік- тұғырым» атты ертеңгіліктер өтті. Балалар ән ұранымызды орындап, тәуелсіздік туралы тақпақтарын айтып өнерлерін көрсетті..

**Желтоқсан айында.** Жаңа жыл мерекесіне орай «Кел жаңа жыл ортаға!» тақырыбында шағын орталықтың 3 топпен бірлесе отырып ертеңгілік өткізілді.

**Қаңтар айында** мектеп медбикесінің қатысуымен «Денсаулық – зор байлық» атты тәрбие сағаттары өткізіліп , балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу мақсатында дәрігерден кеңес алынды.

Алғыс айту күніне орай «Алғысым шексіз» ертеңгілік өтті. Балалар ертеңгілікте бір-біріне алғыстарын айтып, жақсы көңіл күй сыйлады.

**Наурыз айында** Аналар мерекесіне орай «Аяулы Анашым» атты ертеңгілік болып өтті. Балалар аналарына арналған сыйлықтарын табыс етті. Ертеңгілікте қоғамдық жұмысқа белсене қатысқан аналар алғыс атпен марапатталды. Наурыз мерекесінде «Қош келдің, Өз Наурыз» атты ертеңгілік өткізілді. Кіші «Айжұлдыз» тобында «Тұсау кесу» рәсімінен көрініс көрсетілді.

**Сәуір айында** жаңадан келген тәрбиешілерге жұмыс барысын толық түсіндіру мақсатында «Балауса-балғын» бөбекжайына барып, іс-тәжірибе алмасты.

**Мамыр айында** 1 мамыр мерекесіне «Достығымыз жарасқан» және 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне және «Ұлы Жеңіс жасасын» атты ертеңгілік өтті. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл әрекеті-ойын болғандықтан, ұйымдастырылған іс-әрекетіміз ойын түрінде ұйымдастырылады.

**Маусым айында** Жоспар бойынша балаларды қорғау күніне орай «Біз бақытты баламыз» атты мерекелік кешіміз аталынып өтті. Балаларға көңіл –күй сыйлап тәттілермен сыйлықтар табысталды.

**Мақсаты:** Балаларды ізгілікке, инабаттылыққа, мейірімділікке еңбекке тәрбиелеу. Еліміздің болашағы балалар болғандықтан, әр балаға қамқорлық көрсетіп, оның өмірі мен құқықтарын қорғап, жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауға міндеттіміз. Сондықтан сапалы білім, саналы тәрбие беруде жүйелі жұмыстар атқарылатын болады.

***2021-2022 оқу жылында шағын орталықта оқу – тәрбие үдерісі 6 педагог-мамандармен қамтамасыз етілген. Онда:***

- Жоғары педагогикалық біліммен – 3 адам,
- Орта педагогикалық біліммен – 3 адам жұмыс жасайды.
- II санатты- 4 педагог
- Педагог модератор – 1 педагог

Шағын орталықтың бір жылдық іс- тәжірибесін қорытындылай келе мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды. Әр атқарған жұмыстың қызығы мен шыжығы қатар жүретініне тағы бір мәрте көзіміз жетті. Әліде білгенімізден білмегеніміз көп екенінде мойындауымыз керек. Алдағы оқу жылында жаңа қарқынмен, жанашыл бір жұмыстармен шағын орталық жұмыстарын бастаймыз деп ойлаймыз және сенеміз..

Осы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында барлық әріптестеріме толағай табыс тілей отырып, алдағы оқу жылына аман-есен жетулеріңізге шын жүректен тілектеспін!

